

Ақтөбе облысы Темір және Байғанин аудандарының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2021 жылғы 17 мамырдағы № 34 шешімі және Ақтөбе облысы әкімдігінің 2021 жылғы 17 мамырдағы № 163 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 21 мамырда № 8304 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабының 2), 3) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, 27-бабының 2-тармағына сәйкес, Темір және Байғанин аудандарының өкілді және атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отырып, Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Темір ауданы Шұбарқұдық ауылдық округінің Кенжалы станциясы "ауыл" санатына жатқызылсын.

2. Темір ауданы Шұбарқұдық ауылдық округінің Кенжалы ауылы Байғанин ауданының Қарауылкелді ауылдық округінің әкімшілік және аумақтық бағынысына берілсін.

3. Мына шекаралар белгіленсін:

Темір ауданының Шұбарқұдық ауылдық округінің жалпы алаңы 24640 гектар;

Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылдық округінің жалпы көлем 529187 гектар.

4. Қоса беріліп отырған № 1 және № 2 схемалық карталарға сәйкес Темір және Байғанин аудандарының шекаралары өзгертілсін.

5. Темір және Байғанин аудандарының әкімдері заңнамада белгіленген тәртіппен "Ақтөбе облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесімен бірлесіп осы бірлескен әкімдіктің қаулысы мен мәслихаттың шешімінен туындайтын ұйымдастыру шараларын қабылдасын.

6. "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақтөбе облысы бойынша департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) облыстың әкімшілік-аумақтық бірліктерінің есептік деректеріне тиісті өзгерістер енгізілсін.

7. "Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі жер-кадастр құжаттамаларын Темір және Байғанин аудандарының әкімшілік-аумақтық құрылысына жүргізілген өзгерістермен сәйкестендірсін.

8. Осы бірлескен әкімдік қаулысы мен мәслихат шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімі аппараты басшысына және облыс әкімінің экономика және қаржы мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

9. Осы бірлескен әкімдік қаулысы және мәслихат шешімі алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

*Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы*

Облыстық мәслихаттың хатшысы

О. Уразалин

А. Айтжанов

А. Нугманов

Бірлескен 2021 жылғы 17 мамырдағы № 163
қаулысы мен 2021 жылғы 17 мамырдағы № 34
шешіміне 1- қосымша

Темір ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына енгізілген өзгерістер

СЫЗБАСЫ №1

СХЕМЫ №1

Внесенные изменения в административно-территориальном устройстве Темирского района

Масштаб 1:200 000

Темір ауданының әкімі Ж.Н. Батырхан

Аким Темирского района

Темір аудандық

мәслихатының хатшысы Б.О. Избасов

Секретарь маслихата Темирского района



■ - Темір ауданының аумағы;

Территория Темирского района;

■ - Байганин ауданының аумағы;

Территория Байганинского района;

■ - Темір ауданынан Байганин ауданына әкімшілік-аумақтық бағынысына берілетін аумақ

Территория, передаваемая из Темирского района в административно-территориальное подчинение Байганинского района;

Бірлескен 2021 жылғы 17 мамырдағы № 163
қаулысы мен 2021 жылғы 17 мамырдағы № 34
шешіміне 2- қосымша



Баибан райондық әкімшілік-аумақтық бірлестігінің мақсаттық жоспары
СЫЗБАСЫ № 2
СХЕМА № 1
Баибан ауданының әкімшілік-аумақтық бірлестігінің мақсаттық жоспарына сәйкес
Баибан ауданының әкімшілік-аумақтық бірлестігінің мақсаттық жоспарына сәйкес

Баибан ауданының әкімі
Аманжол Баибанов
Баибан ауданының
Әкімшілік-аумақтық бірлестігінің
Секретарі Қарашай Баибанов





© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК